

Елубай Еркінайдың
6D010300-Педагогика және психология мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
«Жаппай ашық онлайн курстары арқылы болашақ педагогтың
цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы
диссертациясына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/ н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасының мемлекеттік даму бағдарламаларына сәйкес келеді. «Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында университеттің цифрлық архитектурасын дамыту мен болашақ мамандардың цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың бүгінгі таңда маңыздылығына баса назар аударылса, «Білімді ұлт» ұлттық жобасында сапалы білім беру болашақ педагогтың білімділігі мен біліктілігінен, заманауи дағдылары талап етілетіндігіне мән берілген. Мемлекеттің бірқатар стратегиялық құжаттарында «Цифрлық педагог» білім беру жобасын жүзеге асыру жоспарланған. ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің баяндамаларында жаппай ашық онлайн курстарының мазмұнын жасау мен қазіргі оқу процесінде пайдаланудың тиімділігі мен қажеттілігі атап көрсетілген. Осы міндеттер Елубай Еркінайдың диссертациялық жұмысының өзектілігін айқындайды.

		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) <u>Диссертация</u> <u>Қазақстан</u> <u>Республикасының</u> <u>Үкіметі</u> жанындағы <u>Жоғары ғылыми-техникалық комиссия</u> <u>бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес</u> (бағытын көрсету)</p>	<p>3) Елубай Еркінайдың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	2. Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>2. Диссертанттың қол жеткізген ғылыми-практикалық нәтижелері педагогика ғылымының дамуына: соның ішінде цифрлық құзыреттіліктің мәнін айқындауда, болашақ педагогтардың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыруда жаппай ашық онлайн курстарының мүмкіндіктері мен оларды жүзеге асыру шарттары мен әдістемесі психологиялық-педагогикалық, әдістемелік білімдердің дамуына елеулі үлес қосады. Өйткені:</p> <p><i>Біріншіден,</i> диссертант «<i>болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігі</i>» ұғымына «оның оқыту мақсаттарына сәйкес цифрлық ресурстарды, құрылғыларды тиімді қолдану мен</p>

		3) төмен; 4) өзі жазбаған	деңгейде жазылған деп, сенімді түрде айта аламыз. Өйткені, диссертант теориялық тұжырымдарын «цифрлық құзыреттілік», «құзырет», «жаппай ашық онлайн курстары» ұғымдары мен болашақ педагогтарды даярлаудың теориясы мен практикасы қарастырылған Қазақстандық, шетелдік, соның ішінде алыс шетелдік ғалымдар еңбегіне терең талдау жасаған. Олардың пікірлеріне өз көзқарасын білдіріп, ойымен қорытындылаған. Эксперименттік-тәжірибе жұмысын дәлелді фактілермен негіздеген. Зерттеудің түйінді ұғымдарын өз түсініктерімен, авторлық анықтамасымен нақтылаған. Мәселені шешудің жаңа жолдарын ұсынуы диссертанттың көп жылдық тәжірибесі бар екендігін дәлелдейді,
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	4.1. Диссертация көкейкестілігі дәлелді негізделген. Зерттеу барысында диссертанттың мемлекеттік бағдарламаларға, мемлекеттік тұжырымдамаларға, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге және практикаға жасаған терең талдауы нәтижесінде зерттеу мәселесіне қатысты бірқатар қарама-қайшылықтарды анықтаған. Олар: - болашақ цифрлық педагогқа қоғамның сұранысы мен болашақ педагогтардың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің зерттелу деңгейінің жеткіліксіздігі арасында; - болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін зерттеу қажеттігі мен оның теориялық негіздерінің айқындалмауы арасында; - болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыруда

			<p>жаппай ашық онлайн курстарының мүмкіндіктерінің жоғарылығы мен оларды педагогикалық оқу орындарының білім беру үдерісінде іске асырудың әдістемелік негіздерінің жеткілікті деңгейде жасалмауы арасында. Осы қарама-қайшылықтар диссертациялық зерттеу мәселесінің өзектілігін негіздейді.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды;</u> 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>4.2.Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Атап айтқанда, болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін жаппай ашық онлайн курстары арқылы қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындаумен, «болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігі» ұғымының мәнін нақтылау және оның құрамы мен мазмұнын анықтаумен, жаппай ашық онлайн курстарының болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудағы мәндік сипаттамасын және мазмұнын жасаумен, өлшеу компоненттеріне сәйкес көрсеткіштері мен деңгейлері қамтылған құрылымдық-функционалды моделін әзірлеумен, оны жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық шарттарын айқындаумен; әдістемесін жасаумен және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріп, ұсыныстар берумен негізделеді.</p>

		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Докторант диссертация тақырыбына сәйкес «болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін жаппай ашық онлайн курстары арқылы қалыптастыруды теориялық тұрғыдан негіздеу, әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-экспериментте тексеру» деп зерттеу мақсатын анықтап, оны жүзеге асырудың төмендегідей міндеттерін нақты көрсеткен:</p> <ul style="list-style-type: none"> - теориялық-әдіснамалық талдаулар негізінде болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігі ұғымының мәнін нақтылау және мазмұндық сипаттама беру; - жаппай ашық онлайн курстарын болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың құралы тұрғысынан негіздеу; - жаппай ашық онлайн курстары арқылы болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделін жасау және аталған қалыптасудың өлшемдері мен көрсеткіштерін, деңгейлерін анықтау; - жаппай ашық онлайн курстары арқылы болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-экспериментте тексеру.
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 	<p>4.4. Диссертация үш бөлімнен 9 параграфтан тұрады. Бірінші бөлім зерттеу проблемасының теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындауға арналса, екінші бөлім зерттеу проблемасын модельдеуге, ал үшінші бөлім тәжірибелік-эксперимент жұмысының мазмұны</p>

		3) байланыс жоқ	мен динамикалық нәтижелерін баяндауға арналған. Олардың әрбір параграфтары бөлімдеріне сәйкес және бір-бірімен өзара логикалық байланыста құрылған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	4.5. Зерттеу барысында автордың салыстырып жүргізген және бағалаған шешімінде <i>сыни талдау бар</i> екені, «цифрландыру», «цифрлық құзыреттілік», «жаппай ашық онлайн курстары» ұғымдарын нақтылауда ғалымдардың берген анықтамаларына талдау жасауы (Кесте 1,2,3,4), осы ұғымдардың құрамдарын анықтау (Кесте 5,6,7,8) негізінде өз анықтамаларын беруімен және зерттеу проблемасының негізгі түйіндерін сұлбаға, модельге түсіруімен (Сурет 1,2,3,4,5, 11) әдістемесін жасауымен негізделеді. Авторлық тұрғыдан зерттеу проблемасының психологиялық-педагогикалық шарттарын (2-Бөлім, § 2.3) анықтауымен, оларды теориялық тұжырымдармен негіздеуімен айқындалады.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	5.1. Диссертант Елубай Еркинайдың зерттеу барысында алған ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа болып табылады. Диссертанттың қол жеткізген бірінші нәтижесі жаңа, себебі, « <i>болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігі</i> » ұғымына «оның оқыту мақсаттарына сәйкес цифрлық ресурстарды, құрылғыларды тиімді қолдану мен басқаруды, электрондық мазмұнды, өзара әрекеттесуді құру мен ұйымдастыруды қамтамасыз ететін <i>тұлғаның сапасы мен ақпараттық-технологиялық, басқарушылық</i> білім, білік, дағдылардың кіріктірілген жиынтығы» деп өз анықтамасын беруі сенімді дәлелді шыққан. Өйткені

			<p>анықтама осы ұғымның құрамдарын анықтау нәтижесінде алынған (1-бөлім, § 1.2).</p> <p>Зерттеу нәтижесінде қол жеткізген <i>екінші нәтижесі жаңа</i> екендігін – жаппай ашық онлайн курстарының болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктерін анықтауы (Кесте 10), құрылымы мен мазмұнын анықтауы (Сурет 3), мәндік сипаттамасын жасауы (Сурет 4) негіздейді және жаппай ашық онлайн курстарының болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың құралы тұрғысынан алғаш рет айқындалуы дәлелдейді. Оған қоса диссертант жаппай ашық онлайн курстары ұғымын «цифрлық, желілік технологиялардың жоғары мүмкіндіктеріне негізделген аса ауқымды аудиторияда мультимедиялық білім беру бағдарламасын студенттерге еркін игеруге мүмкіндік беретін онлайн курстар» деп нақтылайды (2-бөлім, § 2.1).</p> <p><i>Үшінші нәтиже жаңа</i>, себебі, - жаппай ашық онлайн курстары арқылы болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыруды тиімді жүзеге асырудың мазмұны, психологиялық-педагогикалық шарттары, бағалау компоненттеріне сәйкес өлшемдері мен көрсеткіштері қамтылған құрылымдық-функционалдық модель жасалды (2 бөлім, §2.3).</p> <p>Зерттеу жұмысының <i>төртінші нәтижесі жаңа</i> - жаппай ашық онлайн курстары арқылы болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі жаңа. Өйткені әдістеме автор белгілеген</p>
--	--	--	---

		<p>кезеңді сатылармен (бағыттылық, білімділік, біліктілік) оны іске асырудың жаңа мазмұнын, инновациялық әдістерді және цифрлық, мобильдік құралдарды, жаппай ашық онлайн курстарының контенттік мазмұнын жасауы мен оның процессуалдық мазмұнын оқыту ерекшеліктері, диагностикалық құралдарды, авторлық сауалнамаларды қамтиды (3-бөлім, §3.2).</p>	
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңаболыптабылады)</p>	<p>5.2.Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Ізденуші зерттеу жұмысын қорытындылай отырып, тақырып бойынша әлі де жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргізу қажеттігін түсінетіндігін, себебі, жаппай ашық онлайн курстарындағы пікір-сайыс форумдары мен ондағы әрекеттесулер (студент-мазмұн, студент-студент, студент-фасилитатор) түрлері мен сипаттары және әрекеттесулерге ықпал ететін, кедергі келтіретін факторлар, сондай- ақ, жаппай ашық онлайн курстарында студенттің сәтті, дербес білім алуы мен курсты толық аяқтауына мүмкіндік беретін жалпы фасилитатор немесе нұсқаушының рөлі және оған қоса ЖАОК-тағы кері байланыстың маңыздылығы мен түрлері және т.б. проблемалар зерттеудің өзекті мәселесіне айналатындығын көрсетеді және бірқатар ұсыныстар береді.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>;</p>	<p>5.3. Диссертациялық жұмыс гуманитарлық ғылым бойынша орындалғандықтан технологиялық қамтамасыздандырылған, өйткені, «Жаппай ашық онлайн курстарын жобалау» курсының құрылымын, контенттік және процессуалдық мазмұнын жасап, сайтқа</p>

		<p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>орналастырып, мақұлдаудан өткізген тәжірибелік эксперимент материалдарымен негіздеген, нәтижелері халықаралық конференцияларда баяндаған. Оған қоса «Ағылшын тілі» атты жаппай ашық онлайн курсының мазмұны жасалып университеттің сайтына орналыстырылып, ағылшын тілін дамытушыларға арналып ұсынылған.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>6.Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>6.1. Диссертациялық жұмыстағы тұжырымдалған нәтижелердің негізі бар және шынайы деп қарауға болады. Себебі, зерттеудің әдіснамалық негіздері мемлекеттік бағдарламаларға, заңнамаларға және ғылыми теорияларға негізделуімен және қарастырып отырған ғылыми мәселенің зерттелу деңгейін нақтылаумен, сонымен қатар әртүрлі ғылымдар саласындағы ой-тұжырымдарды саралау негізінде алынуымен айқындалады. Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер мен қорытындылар жаппай ашық онлайн курстары арқылы болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып табылады. Диссертациялық жұмыстың қорытындылары ғылыми-тәжірибелік деңгейде негізделген және математикалық статистикалық талдаулар арқылы дәлелділігі расталған және негізгі нәтижелері 12 ғылыми еңбектерде жарияланған.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>7.Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p>	<p>Диссертант Елубай Еркінай диссертациялық жұмысы бойынша төрт қағида ұсынған:</p> <p>7.1 Қағидаттар теориялық, әдістемелік және практикалық зерттеу барысында толығымен дәлелденді.</p>

		<p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p><u>2) жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p><u>1) ия;</u></p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p><u>3) кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>7.2 Тривиалды емес, себебі жаппай ашық онлайн курстары арқылы болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың күрделі моделі жасалды.</p> <p>7.3 Ия, диссертациялық жұмыстың <i>әрбір қағидасы жаңа</i> болып табылады. Өйткені <i>бірінші-екінші қағида</i> авторлық анықтамаларға негізделген. Сондай-ақ екінші қағидада жаппай ашық онлайн курстары арқылы болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың авторлық көзқарасы ғылыми негізделген. <i>Үшінші қағидада</i> тұжырымдамалық, мазмұндық, өлшемдік, нәтижелік бөліктерінің бірлігін, оны тиімді жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық шарттарын, өлшемдік-бағалау компоненттерін қамтитын авторлық модель ұсынылады. <i>Төртінші қағидада</i> авторлық әдістеме негізделіп, дәлелденген.</p> <p>7.4 Диссертациялық жұмыстың қолданбалық деңгейі зерттеу пәні бойынша жаңа білімді ұсынады, көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуда қолданылу ауқымы кең.</p> <p>7.5. Диссертацияның негізгі қағидалары 12 мақалада жарық көрген. Шетелдік, отандық конференцияларда баяндалған.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөзде р мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>ия;</u></p> <p>2) жоқ</p>	<p>8.1. Зерттеу мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері: отандық, шетелдік ғалымдардың теориялық-тұжырымдық ойлары мен жүйелік, тұлғаға бағдарлық, құзыреттілік және технологиялық әдіснамалық тұғырларын негізге алумен ғылыми тұрғыдан негізделген. Әдістері</p>

		дұрыс таңдалған және тиімділігі дәлелденген.
8.2	<p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>8.2. Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Тәжірибелік-эксперимент жұмысы Абай атындағы ҚазҰПУ, «5В010300 Педагогика және психология», Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің «Педагог информатик» студенттерінің, (барлығы 147) қатысуымен ұйымдастырылған. Зерттеу нәтижелері авторлық сауалнамалар бойынша экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі алынған мәліметтер SPSS арнайы есептегіш бағдарлама бойынша жүзеге асырылып, компьютерлік технологиялар арқылы жүргізілді. Зерттеу нәтижелерін эксперименттен бұрын және одан кейін сыналушыларды салыстыру үшін студенттің жұптық критерийінің параметрлік емес аналогы (тәуелді үлгілерге арналған t-критерий) Вилкоксон (Wilcoxon) критерийі бойынша бақылау және эксперимент топтарының экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі нәтижелердің айырмашылығы есептелді. Бұл критерий параметрлік емес өлшем дәрежесіне негізделген (3-бөлім, § 3.3).</p>
8.3	<p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар</p>	<p>8.3. Автордың «модель» ұғымы, шетелдік ғалымдардың зерттеу проблемасына қатысты модельдеріне талдау жасауымен, оның әрбір компоненттері қарастырылған психологиялық-педагогикалық</p>

	<p>эксперименттік зерттеулер мен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>еңбектерге жасаған талдауымен, классикалық педагогикалық әдебиеттерді басшылыққа алуымен қамтамасыз етілген. Сондай-ақ болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін жаппай ашық онлайн курстары арқылы қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі <i>тұжырымдамалық</i> (мақсаты, цифрлық құзыреттілікті қалыптастыруда негізге алатын әдіснамалық тұғырлар, ЖАОК әдіснамасы), <i>мазмұндық</i> (қалыптастыру үдерісінің мазмұны, формалары, әдістері, құралдары, кезеңдері), <i>өлшемдік</i> (қалыптасуының уәждемелік, технологиялық, танымдық, этикалық құрамдарына сәйкес өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлері) және <i>нәтижелік</i> (анықтау, қалыптастыру, қорытындылау эксперименті; қалыптастырудың бағыттылық, білімділік, біліктілік кезеңдері) бөліктерінің бірлігін қарастырады. Сондай-ақ, цифрлық дербес/бірлескен/желілік оқыту кеңістігін құру; өзара әрекеттесу, ынтымақтасу, білімді бірлесіп құру икемділігін қамтамасыз ету; студент-мазмұн, студент-студент, студент-педагог тиімді кәсіби әрекеттесуін ұйымдастыру педагогикалық шарттарын жүзеге асырады. Диссертацияда оларға жан-жақты сипаттама берілген (2-бөлім, § 2.3).</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге <u>сілтемелермен расталған/ ішінара расталған / расталмаған</u></p>	<p>8.4.Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы расталған.</p>

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	8.5. Пайдаланылған 210 әдебиеттер тізімі саралаумен және шолуға жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>9.1. Диссертацияның теориялық маңызы бар. Себебі: болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін жаппай ашық онлайн курстары арқылы қалыптастырудың мәселесі білім беруді цифрландыру, болашақ мамандарды цифрлық білім беру ортасында даярлаудың маңыздылығымен анықталған. Автор цифрлық құзыреттілікті жаппай ашық онлайн курстары арқылы қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындап, «болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігі» ұғымы мен құрамын нақтылаған, жаппай ашық онлайн курстарын цифрлық құзыреттілікті қалыптастырудың құралы тұрғысынан негіздеп, мүмкіндіктерін айқындап, құрылымын, мәнді сипаттамасын жасаған. Сондай-ақ, моделін жасауымен және оны тиімді жүзеге асырудағы педагогикалық шарттарын анықтауымен, аталған модельдің әрбір құрылымдық бөлігін ғылыми тұрғыда негіздеуімен дәлелдеген.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>9.2. Елубай Еркинайдың диссертациясының практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Себебі «Жаппай ашық онлайн курстарын жобалау» курсының құрылымын, контенттік және процессуалдық мазмұнын жасауымен және оны жасауды студенттерге үйретуімен, оның әдістемесін әзірлеуімен қамтамасыз етілген.</p>

		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>9.3.Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа. Әсіресе автордың болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыруға арнап әзірлеген «Жаппай ашық онлайн курсын жобалау» курсы (аудио/бейнедәрістер, электронды оқу тапсырмалар жиынтығы, викториналар, желілік пікірсайыс форумдары) Абай атындағы ҚазҰПУ-нің қашықтықтан оқыту орталығы порталында алғашқы онлайн курстың бірі ретінде <u>сайтқа жүктелуі</u> және оның өзі құрастырған «Ағылшын тілі» жаппай ашық онлайн курсының республикалық деңгейде таратылуы оның практикалық ұсыныстарының жаңа екендігін және маңыздылығын дәлелдейді.</p> <p>Зерттеудің бұл практикалық бөлімі бұдан әрі жоғары және арнаулы оқу орындарының тәжірибесінде болашақ және қазіргі мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру, цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру құралы ретінде қолданылуға мүмкіндік береді.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>10.Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>10. Елубай Еркинай академиялық жазуға төселген, ғылыми стильді ұстанып зерттеу жұмысын орындаған. Диссертациялық жұмыстың құрылымын рәсімдеу ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті белгіліген талаптарға сәйкес орындалған. Диссертациялық жұмыс жүйелі тұрғыда жазылған және академиялық жазу сапасы жоғары.</p>

Шешім: Елубай Еркинайға 6D010300-Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент,
п.ғ.д., доцент,
«Өрлеу БАҰО» АҚФ
Республикалық кәсіби даму
институты



С.Г. Мұхамбетжанова